

А.С.Бейсембеков

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БЮДЖЕТ ҚҰҚЫҒЫ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ
ҚАРЖЫ ҚҰҚЫҒЫ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ**

В статье рассматриваются место и взаимосвязь принципов бюджетного права в системе принципов финансового права Республики Казахстан. Приводятся также теоретические особенности исследования принципов бюджетного права. Автором исследованы общепрофессиональные принципы бюджетного права Республики Казахстан на основе взглядов известных ученых финансового права и нормативных актов, регулирующих данные правоотношения.

In article the place and interrelation of principles of the budgetary right in system of principles of the financial right of Republic Kazakhstan is considered. Also it is considered theoretical features of research of principles of the budgetary right of Republic Kazakhstan. In article have been investigated общепрофессиональные principles of the budgetary right of Republic Kazakhstan on the basis of sights of known scientists of the financial right and statutory acts regulating the data правоотношения.

Қазіргі таңдағы бюджет құқығының жалпы бөлімінің күрделі мәселелерінің бірі болып аталмыш саланың қағидалары табылады. Көне латын тілінен аударғанда «қағида» (*principium*) сөзі негіз, алғы шарт, бастау мағыналарын береді. Құқықтың қағидалары оның шегінде тиісті құқық саласы дамитын координаттар жүйесін, ал, екінші жағынан, осы құқық саласының даму бағытын анықтайтын вектор болып табылады.

Қазақстан Республикасының құқығы мен жекелеген салалары, оның ішінде қаржы құқығы мен бюджет құқығы өздеріне тән белгілі қағидаларға ие. Аталмыш қағидалар олардың ерекшеліктерінің, мақсаттары мен бағыттарының негізін қалыптастыратын бастауларды, ережелер мен оларға қойылатын талаптарды сипаттайды. Жалпы құқықтың қағидалары құқықтық нормаларда бекітілгендіктен және олардың жиынтығынан логикалық түрде қорытындыланып шығуына байланысты жалпыға міндетті сипатқа ие.

Бюджет құқығы саласындағы құқық қолдану мен құқық шығармашылық қызметіне байланысты қағидаларды зерттеу, оларға құқықтық тұрғыда талдау жасау бюджеттік-құқықтық нормаларды орынды (мақсатты) қолдану мен заңнамадағы ақаулықтарды анықтауды және болдырмауды мақсат етеді.

Мемлекеттік органдардың бюджет саласындағы қызметінде мемлекеттің қаржы саясатының негізгі қырлары көрініс табады. Ал қаржы саясаты мемлекеттің тұтастай алғандағы әлеуметтік-экономикалық саясатының нақты міндеттері мен қойылған мақсаттарын шешуге негізделген қаржы ресурстарын шоғырландыруға бағытталған күрделі әрі көпқырлы саласы болып табылады.

Қазақстан Республикасының әрекет етуші құқығында құқықтық нормалар жүйесі арқылы көрініс табатын жалпыға, оның ішінде мемлекет үшін де міндетті реттелген механизм бар. Мемлекеттің бюджет саласындағы саясатты жүзеге асыруының формасы болып бюджет заңдылығы табылады. Дегенмен қаржылық-құқықтық қатынастарды, оның ішінде бюджеттік-құқықтық қатынастарды нормативтік реттеу қоғамдық қатынастарды реттеудің жалғыз тәсілі емес. Осы саладағы қоғамдық қатынастардың дамуына, жаңа трансформациялауға түсуіне байланысты оларды әрекет етуші құқықтық нормаларымен реттеу біршама қиындық туғызады және құқықтық реттеу аясынан тысқары қалады. Кез келген мемлекеттің әрекет етуші құқығында аталмыш сипаттағы қатынастарды реттеу және құқықтық регламенттеу концепциясын анықтау мақсатында қағидалар жүйесі, яғни оның негізгі ерекшеліктерін, мақсаты мен бағыттарының негізін қалыптастыратын бастаулар мен идеялар өмір сүреді. Олар қоғам дамуының нақты кезеңімен анықталынады және құқықтық реттеу тәжірибесінен туындайды. Қазақстан Республикасының әрекет етуші құқығы алғы шарттары ретінде қағидаларының сипаттамасының функционалдық қыры олардың практикалық маңыздылығын айқындайды. Заң ғылымда құқық қағидаларының негізгі екі қызметі бар, олар: ішкі және сыртқы қызметтер. Құқық қағидаларының ішкі қызметтері құқықтық нормалар жүйесінің келісілгендігін және өзара қарама-қайшылықта болмауын қамтамасыз етеді. Барлық нормативтік нұсқаулар

қағиданың мазмұнынан логикалық тұрғыда бастау алуы және тура мағынада сәйкес келуі қажет. Ол өз алдына құқықтық реттеудің бірыңғайлығын әрі, мүмкіндігінше, тиімділігін қамтамасыз етеді.

Әрекет етуші құқықтың қағидаларының сыртқы қызметтерінің маңыздылығы құқықтық қатынас субъектілерінің әрекеттерін тікелей құқықтық нормалар арқылы реттеумен айқындалады.

Осының барлығы құқықтың өмірге айналуы нәтижесінде заңның пайда болатындығын, ал сәйкесінше құқық қағидаларының заңнаманың қағидаларын қалыптастыратындығын көрсетеді. Осыған байланысты заңнаманың қағидалары өз алдына заңнаманың жалпы қағидалары (оларды кейде жалпысалалық деп те атайды) және салалық деп бөледі. Ал салалық қағидалар өз алдына құқық саласының және жекелеген институттардың қағидалары деп бөлінеді. Осылайша қаржылық, оның ішінде бюджеттік қатынастарды құқықтық реттеу келесі қағидалар жүйесіне негізделуі мүмкін: құқық қағидалары (жалпықұқықтық қағидалар және қаржы құқығының қағидалары); заңнаманың жалпы қағидалары (салааралық қағидалар); қаржы құқығының қағидалары (салалық қағидалар); қаржы құқығының жекелеген институттарының арнайы-құқықтық қағидалары (мысалы, бюджет құқығының, салық құқығының, сақтандыру құқығының және т.б.)

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Конституцияның 1-бабына сәйкес өзін демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде орнықтыруда және бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық дамуды қалыптастыруды республика қызметінің түбегейлі принциптері ретінде қоюда [1]. Мемлекеттің бюджет саласындағы қызметі құқықтық жүйесімен қатар қарқынды реформалану үстіндегі қаржылық қатынастардың құқықтық реттелуінің жалпы қағидаларымен анықталынады. Осы орайда бюджет құқығының қағидалары жүйесін қаржы құқығының, басқа институттарының қағидаларына қарағанда, кодификацияланған акті негізінде қарастырамыз. Қазақстан Республикасы жағдайында бюджеттік қатынастарды толығымен қамтитын негізгі нормативтік акті — Бюджет кодексі [2].

Қоғамдық қатынастарды, оның ішінде бюджеттік қатынастарды реттеу барысында құқықтық қағидалар жүйесі үлкен роль атқарады. Дегенмен де бірқатар жағдайда әрекет етуші заңнама кейбір қағидаларды, оның ішінде бюджет заңдылығына байланысты қағидалар тек баяндалып қана қоюмен шектеледі. Ол бюджет саласына да толық қатысты. Осыған байланысты бюджет құқығының қағидаларын жүзеге асыру мәселелерін екі деңгейде қарастыруға болады. Біріншісі, ол теоретикалық. Заңшығарушы бюджет құқығының кейбір қағидаларын толық ашпайды. Екіншіден, қазіргі таңда бюджет құқығының қағидаларының тәжірибеде толық көлемде жүзеге асырылуына мүмкіндік туғызатын механизмдер жоқтың қасы.

Сонымен, бюджет құқығы қағидаларын жүзеге асыру механизмдеріне байланысты маңызды мәселелерді анықтау мен оларды шешу жолдарын айқындау үшін осы механизмді құқықтық тұрғыда кескіндеу қажет. Құқықтық қағидаларды жүзеге асыру механизмі деп ең алдымен бірнеше кезеңдерден қалыптасатын негізгі бастамаларды қолдану үрдісін түсіну қажет. Бірінші кезең — бұл теоретикалық ғылымда құқықтық реттеу идеяларын кескіндеу. Ол өзіне құқықтық қатынастарды реттеудің жалпы тенденцияларын, оның ішінде нақты қағидаларды анықтауды және олардың мазмұнына ғылыми тұрғыда баға беруді қамтиды. Екінші кезең — құқықтық тұрғыда жүзеге асырылуы немесе өмірге енуі. Бұл жағдайда заңшығарушының алдында қағидаларды құқықтық нормалармен қысқа да нұсқа түрде байланыстыру ғана міндеті емес, сонымен қатар қағидалардың әрекетіне түсетін заңдарға сараптама жасау, араларындағы қарама-қайшылықтарды анықтау міндеті де бар. Ал осы үрдістің үшінші кезеңі болып құқықтық норманы жүзеге асыратын құқық субъектісінің құқықтық қағиданы қолдануы табылады.

Жалпы бюджет құқығы өзінің бастауын қаржы құқығынан алатынын ескере отыра, қаржы құқығының қағидаларын қарастырмай, бюджет құқығының қағидаларын зерттеу күрделі. Қаржы құқығының қағидаларында оның реттеу пәнінің ерекшелігіне байланысты жалпы құқықтық қағидалар көрініс табады әрі нақтыланады. Мысалы, әділдік, гуманизм, демократиялық құндылықтардың басымдылығы және тағы басқалар. Ал қаржы құқығының қағидалары негізінде оның бөлімдері мен институттарының қағидалары өздеріне тән ерекшеліктерге ие болады және қызмет етеді.

Кенестік дәуір тұсында мемлекеттік қаржылық қызметінің қағидалары алғаш рет Е.А.Ровинскиймен құрастырылды және қаржы құқығы саласының басқа ғалымдарының қолдау тапты [3]. Ал мемлекеттің қаржы саласындағы қызметінің қағидалары қаржы құқығы қағидаларының негізін құрады. Дегенмен де қоғам дамуының тенденциясына, мемлекетте тәуелсіздіктің орнығуына және конституциялық реформалардың тереңдеуіне байланысты қаржы құқығының қағидалары негізгі мәнін сақтай отыра, біршама өзгеріске түсті.

Бюджеттік үрдіс барысында мемлекеттің қаржы саласындағы қызметі көрініс табады. Осыдан келе және жоғарыда айтылғандарды ескере, мемлекеттің қаржы саласындағы қызметінің бағыттарының бастамалы, яғни қаржы құқығының қағидаларын бюджеттік-құқықтық қатынастардың қағидаларының бастауы, ретінде алуға толық негіз бар. Сондықтан да бюджет құқығының қағидаларын қарастыру қаржы құқығы қағидаларымен тығыз байланысты.

Жалпы заң ғылымында «құқықтық қағида» ұғымы мен түсінігіне байланысты ортақ көз-қарас жоқ. Құқық қағидаларына ең алдымен нормативтілік қасиет тән, яғни олар құқықтың нормативтік-басқарушы бастауы болып табылады. Осыған байланысты құқық қағидаларының көрініс табу нысандары әр түрлі. Кейбір авторлар құқықтық қағидаларды құқықта бекітілу тәсіліне байланысты «мәтіндік», «мағыналы» және норма-қағидалар деп, сонымен қатар норма мазмұнынан туындайтын, яғни құқық нормасында «жасырын» көрініс табатын қағидалар деп бөледі.

Кейбір авторлар норма-қағидалардың өміршеңдігін мүлдем жоққа шығаруға тырысады. Дегенмен де осы пікірлерге құқықтық әдебиеттер мен зерттеулерде негіз келтірілмеген.

Біздің ойымызша, құқықтың қағидалары кейбір жағдайларда құқық нормаларында бекітіледі, ал белгілі бір жағдайларда құқық нормаларының мазмұнынан логикалық түрде қорытындыланып шығады. Нақтырақ айтатын болсақ, құқық қағидаларының анықталу тәсілі нормативтік актінің мазмұнына байланысты.

Құқық қағидалары тек құқық нормаларының, институттарының және құқық саласының негізгі конструкциясын құрап қана қоймайды, сонымен қатар барлық құқық жүйесінің негізін құрайды. Құқықтық қағидаларына құқықтық идеяны, қатынастарды, нормаларды құраумен қатар құқық нормаларына логикалық, жүйелілік, тізбектілік (последовательность) және үйлесімділік (сбалансированность) береді.

Құқық қағидаларының табиғатын әлемдік құқықтық жүйенің сонымен қатар өркениеттің даму тәжірибесі қалыптастырады және ол мемлекеттің құқықшығармашылық, құқық қолдану және құқық қорғау қызметі барысында негізгі бағыттарды анықтау қасиетіне ие. Мемлекеттік және қоғамдық өмірде құқықтық жүйенің тұрақтылығы мен тиімділігі құқық қағидаларының қаншалықты деңгейде сақталғандығынан туындайды.

Құқықтық ғылымда қағидаларды жалпы құқықтық, салааралық және салалық деп бөлу қалыптасқан. Жалпы құқықтық қағидалар барлық құқық салаларына, институттары мен оларды құрайтын нормаларына тікелей қатысты. Аталмыш қағидалармен құқықтың, оның жүйесінің құрылымының қалыптасуы, дамуы және дерлік қызмет етуі тығыз байланысты. А.И.Мицкевичтің пікірінше, жалпы құқықтық қағидаларға саяси (бірден бір мемлекеттік биліктің бастауы — халық), экономикалық (экономикалық институттар жүйесінің заңмен анықталуы, бекітілуі және қорғалуы), әлеуметтік (гуманизмнің басымдылығы, еңбек ету құқығының қорғалуы және тағы басқалар) қағидалар жатады [4].

Ал кеңестік дәуірдің көрнекті құқықтанушыларының өкілі Л.С.Явичтің көзқарасы бойынша, құқық қағидалары келесідей топтарға бөлінеді: 1) қоғамда әділ өндірістік қатынастардың үстемдігін, заңды меншіктің қорғалуын, сонымен қатар материалдық тұрғыда мүддені сақтай отыра, өндірістік ұжымдар мен жекелеген тұлғалардың еңбек етуі нәтижесінде қоғам мүшелерінің мүліктік-экономикалық жағдайларын теңестірілуін (выравнивание) қамтамасыз ететін экономикалық қағидалар. Конституциялық реформалар жағдайында экономикалық құқықтарды мойындаумен интерпретациялауға болады; 2) халықтың толық билігін, тікелей және өкілетті демократияның өзара үйлесімділігін, мемлекеттілік жағдайында қоғамдық басқарудың рөлін арттыруды және азаматтардың, ұлттардың, нәсілдердің тең құқықтарын қамтамасыз ететін саяси қағидалар; 3) әрбір азаматтың әл ауқаты мен қауіпсіздігінің үйлесімділігін қамтамасыз ететін әлеуметтік қағидалар; 4) адамгершілік бастаулар, яғни әлеуметтік әділдік, гуманизм және т.б. [5].

Ал Е.А.Лукашеваның пікірінше, жалпы құқықтық қағидаларға заңның әділдігі, құқықтар мен міндеттердің өзара байланыстылығы, құқық нормалары бұзылғанда жауапкершілік туындайтындығы қағидалары жатады. Ал халықтың толық билігінің болуы, меншіктің заңмен қорғалуы, демократия және т.б. құқықтың қағидалары болып табылмайды, олар тек құқықта көрсетілген қоғамдық қатынастарды көрсетеді [6].

Дегенмен де құқықтанушылардың басым бөлігі жалпықұқықтық негізгі қағидаларға халықтың толық билігінің болуы, гуманизм, заңдылық, меншіктің заңмен қорғалуы, демократизм, әлеуметтік әділдік және т.б. жатқызады. Жалпы құқықтық қағидалардың негізгі қасиеттері болып оның барлық құқық салаларына тарап қана қоймай, оларды құқық жүйесіне біріктіру арқылы әрекет етуінде тұрақтылықты қамтамасыз ететіндігі табылады.

Жоғарыда келтірілген құқық теориясының негізгі жағдайлары қаржы құқығына, оның негізгі құрамдас бөлігі бюджет құқығына тікелей байланысты. Бюджет құқығы өзінің кез келген сипатында жалпықұқықтық және арнайы қағидалар жүйесіне ие. Осылайша бюджет құқығы нормаларының негізгі бағыттары, ондағы басымдылықтар аталмыш қағидалар жүйесінде көрініс табады.

Бюджеттік-құқықтық қатынастар өзінің әрекет етуі барысында қаржы құқығының келесі негізгі жалпы құқықтық қағидалар жүйесін басшылыққа алады: мемлекеттің қаржы саласындағы қызметіне байланысты қатынастарды құқықтық реттеу барысында қоғамдық мүдденің басымдылығы қағидасы; қаржылық-құқықтық реттеудегі әлеуметтік әділдік немесе әлеуметтік бағыттылық; унитаризм; қаржылық саясаттың және ақша жүйесінің бірлігі; мемлекеттің қаржы саласындағы қызметінің билік тармақтары арасында үлестірілуі; мемлекеттің қаржы саласындағы қызметі барысында жариялылық болуы; Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттің қаржылық қызметіне араласуы (қатысуы); жоспарлылық; заңдылық. Аталмыш қағидалардың негізгі мазмұны Қазақстан Республикасының Конституциясымен, оның жалпы және қаржылық-құқықтық актілердің нормаларында нақтыланатын арнайы ережелерімен анықталынады.

Мемлекеттің қаржы саласындағы қызметімен байланысты қатынастарды құқықтық реттеу барысында қоғамдық мүдденің басымдылығы қағидасы қоғам өмірінің маңызды міндеттерін орындауға байланысты қаржылық-құқықтық институтарды экономиканы мемлекеттік реттеуде қолдануды білдіреді. Ол әр түрлі сипаттағы қаржылық қатынастарды мемлекеттік реттеу механизмін бекітетін құқықтық нормаларды жетілдіру қажеттілігін және аталмыш қатынастарды мемлекеттік реттеудің түсінігін анықтайды. Сонымен қатар бұл қағида жеке тұлғалардың мүдделерімен қайшылыққа түспейді, керісінше, оны дұрыс қолдану және жүзеге асыру оң әсерін тигізеді. Әсіресе ол қаржылық-құқықтық реттеудегі *әлеуметтік әділдік, немесе әлеуметтік бағыттылық, қағидасы* арқылы дәлелденеді және ол Қазақстан Республикасының Конституциясында Қазақстан Республикасын әлеуметтік мемлекет ретінде мойындаудан туындайды (ҚР Конституциясы, 1-бөлім 1-бап 1-тармақ) [1]. Ата Заңның осы бабына сәйкес Қазақстанның әлеуметтік мемлекет ретіндегі саясаты жеке тұлғаның еркін дамуы мен лайықты өмір сүруін қамтамасыз етуге қолайлы жағдайлар туғызуға бағытталған. Әлеуметтік әділдік, немесе әлеуметтік бағыттылық, қағидасына сәйкес еңбекті, адамдар мен азаматтарды қорғау, кепілді минималды еңбек ақыны, отбасын, аналықты, әкелікті, балаларды, мүгедектер мен қарттарды қорғау, мемлекеттік зейнет ақыны, кепілді әлеуметтік төлемдерді анықтау және мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын әлеуметтік қызметті дамыту қамтылады.

Жоғарыда көрсетілген бағыттарға арналған қажетті қаржы ресурстарының мемлекет қазынасында шоғырлануы, яғни мақсатты бағытталған қаржы қызметінің болуы, қажет. Бұл жағдайлар әр түрлі деңгейдегі бюджеттердің, бюджеттен тыс мемлекеттік қорлардың қалыптасуы мен орындалуы барысында осы қатынастарды реттейтін қаржылық-құқықтық нормалардың мазмұнында және мемлекеттің қаржы саясатында ескерілуі тиіс. Бюджеттік қызмет барысында аталмыш бағыттардың анықталуы және жүзеге асырылуы қоғам үшін маңызды болып табылады. Бұл қағиданың жүзеге асырылуының мысалы ретінде **2008 жылғы ақпандағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында** әлеуметтік игілікті қамтамасыз ету өмір сүру сапасын арттырумен, сондай-ақ еліміздің адам ресурстарын ұлғайтумен қатар жүргізілуге тиіс деп баяндалғандығын айтуға болады [7].

Унитаризм қағидасы қаржылық-құқықтық реттеуде жалпы мемлекеттік мүдделерді қамтамасыз ету барысында әкімшілік-территориялық аймақтардың мүдделерін тиісті қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету арқылы олардың қызметінің бағыттарын жүзеге асырылуын республика мүддесі тұрғысынан ескеруді білдіреді. Қазақстан Республикасында орталық және жергілікті мемлекеттік органдар өзінің қаржы, салық және бюджет саласындағы қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес жүзеге асырады. Қаржылық-құқықтық қатынастарды унитаризм қағидасын жетілдіру мемлекет алдындағы негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Мемлекеттің қаржы саласындағы қызметінің билік тармақтары арасында үлестірімі қағидасына тоқталайық. 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституцияның қабылдануы және 1998 жылдың 7 қазандағы және 2007 жылғы 21 мамырдағы Конституцияға өзгертулердің енгізілуі билік тармақтары арасындағы қарастырылатын сұрақтардың пәні жүйесінің әрі қарай жетілуіне ықпалын тигізді. Мемлекеттің Негізгі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Ал осы мақсаттар қаржылық және экономикалық саясаттың демократиялық құндылықтарын ескере отырып,

жүргізілуі арқылы жүзеге асырылады. Конституция Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік билік, билік тармақтары арасындағы тежемелік және тепе-теңдік сақтау жүйесі туралы мәселені түбегейлі шешуге бағытталған негізгі қадамдардың бірі екендігін айрықша атап өту керек. Оған мысал ретінде Қазақстан Республикасы Конституциясымен, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексімен реттелінетін бюджеттік-құқықтық қатынастарды, яғни бюджеттік үрдісті, оның кезеңдерінің құқықтық реттелінуі мен жүзеге асырылуы барысын айтуға болады. Сонымен қатар мемлекеттің қаржы саласындағы қызметінің маңызды бөлігінің бірі — салық саясатына тоқталайық. Ең алдымен мемлекеттің салық саясатындағы қызметі тек билік тармақтары арасында қарастырылатын сұрақтардың пәндері қатарында болады әрі Қазақстан Республикасының Конституциясымен және тиісті нормативтік актілермен регламенттелінеді.

Мемлекеттің қаржы саласындағы қызметі барысында жариялылық қағидасы. Аталмыш қағиданы қолдаудың негізі Қазақстан Республикасының Конституциясымен анықталған. Конституцияның 4-бабының 4-тармағында барлық заңдар, Республика қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар жарияланады. Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік-құқықтық актілерді ресми түрде жариялау оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады делінген. Яғни азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік-құқықтық актілер ресми жалпы халықтың назарына жарияланбаған жағдайда қолдануға жатпайды. Бұл жағдай қаржылық қызметтерді реттейтін заңдарға да тікелей қатысты. Жариялылық қағидасы арнайы қаржылық сипаттағы заңдарда көрініс тапқан. Қазақстан Республикасының 2009 жылдан бастап күшіне енген Бюджет кодексінде аталмыш қағида мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын мәліметтерді, сондай-ақ қоғам мен бұқаралық ақпарат құралдары үшін бюджет процесінің міндетті ашықтығын қоспағанда, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді, бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді, стратегиялық жоспарлар мен олардың іске асырылуы туралы есептерді, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру туралы және пайдалану туралы ақпаратты міндетті түрде жариялау деп түсіндіріледі. Осы қағидаға Қазақстан Республикасының бюджеттік үрдісінің арнайы, нормативтік тұрғыда бекітілген қағидаларын қарастыру кезеңге құқықтық талдау жасаймыз.

Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттің қаржылық қызметіне араласу (қатысуы) қағидасы Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабынан туындайды. Аталмыш баптың мазмұнынан мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы халық және ол тікелей республикалық референдумда, сонымен қатар еркін сайлау арқылы жүзеге асыратындығын, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға беретіндігін көруге болады. Яғни Қазақстан Республикасының азаматтары мемлекетті басқаруға тікелей және өздерінің өкілдері арқылы араласады. Конституцияның осы тұстары мемлекет ісін басқарудың құрамдас бөлігі ретінде қаржы саласындағы қызметтерді басқаруға да тікелей байланысты.

Жоспарлылық қағидасы негізінде мемлекеттің, әкімшілік-территориялық бірліктердің қаржы ресурстарын қалыптастыруға, бөлуге және пайдалануға байланысты қызметтері мемлекеттің және әкімшілік-территориялық аймақтардың даму жоспарлары мен бағдарламаларына, сонымен қатар іргелі кәсіпорындар мен мекемелердің жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында қаржылық жоспарлау нарықтық экономикаға өту жағдайында экономиканы басқарудың әкімшілік-әміршілдік жүйесі кезеңімен салыстырғанда түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Қаржылық жоспарлау нарықтық қатынастардың қағидаларымен қайшылыққа түспейді, керісінше, экономиканы және әлеуметтік дамуды реттеудің, сонымен қатар қаржыларды басқарудың өзіндік ерекшеліктері бар маңызды элементтері болып табылады. Бұл ерекшеліктер кенестік тоталитарлық, қатаң сипаттағы экономикалық жүйеден әлеуметтік басымдылықты негізгі бағыты ретінде мойындайтын нарықтық экономикалық жүйеге өтумен тікелей байланысты.

Нарықтық экономика жағдайында қаржылық жоспарлаудың негізі болып дерективті нұсқаулар емес, тауар мен қызмет, ұсыныс пен сұраныс, өзіндік және қосымша құн, шығын, пайда және тағы басқа заңдылықтар табылады. Осындай негіздер қаржылық ресурстарды пайдаланудың бағыттарын анықтауды болжауды күшейтуді талап етеді және онымен қаржылық жоспарлау тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасында қаржылық жоспарлау үрдісінде алдағы уақыттағы әлеуметтік-экономикалық дамудың әр түрлі салалары мен бағыттары бойынша болжаулар мен бағдарламалар пайдаланылады. Осының негізінде қаржы ресурстарын қалыптастыру мен оны ұзақ мерзімге пайдаланудың және бюджеттік кезеңге жоспарлаудың жоспары болжанады (мысалға, арнайы ведомствалардың қызметтерін келтіру керек).

Қаржылық жоспарлаумен қаржы жүйесінің дерлік барлық звенолары қамтылады. Сонымен қатар қаржылық жоспарлау әкімшілік-территориялық аймақтардың барлық деңгейлерінде және экономиканың әр түрлі салаларында кәсіпорындар мен мекемелердің шеңберінде жүзеге асырылады.

Заңдылық қағидасы қаржылық-құқықтық нормалардың талаптарының қаржылық қызмет үрдісі барысында туындайтын құқықтық қатынастардың субъектілерімен қатаң түрде орындалуы мен сақталуын білдіреді. Аталмыш қағида Қазақстан Республикасы Конституциясынан туындайды. Қаржылық-құқықтық қатынастарды реттейтін нормалардың бұзылуы немесе сақталмауы тиісті құқықтық жауапкершілік шараларының пайда болуына негіз болып табылады. Қаржы құқығының жоғарыда келтірілген салалық қағидалары бюджет құқығы қағидаларының негізін құрайды. Сондықтан да бюджет құқығының қаржы құқығының негізгі саласы екендігін ескере, аталмыш қағидалар жүйесін салалық немесе теоретикалық сипаттағы қағидалары деп тұжырымдау, біздің көзқарасымыз бойынша, орынды әрі негізделген. Осы қарастырылып отырған қағидалар мемлекеттің қаржылық қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамаларының, құқықтық актілерінің қалыптасуында көрініс тапқан және қаржы құқығының институттары мен салаларында қолданысқа ие. Сонымен қатар қаржы құқығының институттары мен салаларына олардың ерекшеліктері көрініс табатын арнайы қағидалар жүйесі де тән. Осы қағидалардың барлығы терең зерттеуді, қаржылық заңнамадағы нақтылықты және жүзеге асырылуы талап етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге). — Алматы, 2008.
2. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі // Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы. — № 21. — 2008.
3. *Ровинский Е.А.* Основные вопросы теории советского финансового права. — М., 1960. — С. 21–30.
4. *Мицкевич А.В.* Советское социалистическое право, его основные принципы и система // Советское государство и право. — № 9. — 1975. — С. 128–129.
5. *Явич Л.С.* Право развитого социалистического общества. Сущность и принципы. — М., 1978. — С. 151,152.
6. *Лукашева Е.А.* Принципы социалистического права // Советское государство и право. — 1970. — № 6. — С. 23.
7. *Назарбаев Н.Ә.* Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты: Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. — № 36. — 2008. — 7 ақп.

ӘОЖ 343.98

Н.М.Түсіпов, Р.Н.Шайхаденов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ОТПЕН АТЫЛАТЫН ҚАРУДЫҢ ЖӘНЕ АТУ ІЗДЕРІН ҚАРАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Статья посвящена проблемам криминалистического исследования огнестрельного оружия и следов выстрела. Подвергнуты анализу особенности производства осмотра оружия и следов его применения. Кроме того, раскрыты организационные и тактические аспекты производства осмотра. Авторами даны рекомендации по повышению эффективности процесса раскрытия преступлений, совершенных с применением огнестрельного оружия.

Article is devoted to problems of criminalistic researches of fire-arms and traces of a shot. Are subjected to the analysis of feature of manufacture of survey of the weapon and traces of his application. Besides organizational and tactical aspects of manufacture of survey of fire-arms and traces of his application are opened. At observance of recommendations increase of efficiency of process of disclosing of the crimes accomplished with application of fire-arms will be achieved.

Біздің елімізде көптеген адам өміріне қауіпті қылмыстар (кісі өлімі, қарақшылық, терроризм т.б.) қаруды қолдану арқылы жасалады. Бұлардың ішінде отпен атылатын қару арқылы жасалған қылмыстар ерекше қауіп туғызатыны белгілі. Сондықтан да отпен атылатын қаруды және одан атылатын оқ-дәрілерді теориялық деңгейде зерттеу өте маңызды. Осыған байланысты біздің жұмыс отпен атылатын қару мен оқ дәрілерді криминалистикалық зерттеуге арналған.